



БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 1 қыркүйек

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *01-04-596*

город Астана

«Қазаэронавигация» РМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 4 және 10-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Комплаенс қызметі «Қазаэронавигация» РМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СТІТ) жүргізсін.

2. 2025 жылы «Қазаэронавигация» РМК мен оның филиалдарында әкімшілік және өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша СТІТ жүргізілсін.

3. СТІТ жүргізу мерзімі 2026 жылғы 1 - 30 қазан болып белгіленсін.

4. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде СТІТ жүргізу бойынша Комплаенс қызметінің жұмыс жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Комплаенс қызметінің бастығы Ж.Б. Еламанов жүргізілген талдау нәтижесі бойынша СТІТ жүргізуді қамтамасыз етсін және талдамалық анықтама дайындасын.

6. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Комплаенс қызметіне СТІТ жүргізу үшін барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынсын.

7. Әкімшілік және кадрлық жұмыс департаменті осы бұйрықты ans.kz интернет-ресурсындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырсын.

8. Басқарушы директор – аппарат басшысы Б.С. Смагулов осы бұйрықты
СТІТ объектілері болып саналатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары
мен жұмыскерлеріне мәлімдесін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

10. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директор

A handwritten signature in blue ink, consisting of a large, stylized loop followed by several smaller, fluid strokes.

Ф. Богдашкин

«Қазақэронавигация» РМК бас директорының
2026 жылғы « 01 » 09 № 01-04-596
бұйрығына қосымша

Комплаенс қызметінің «Қазақэронавигация» РМК құрылымдық
бөлімшелерінде СТІТ жүргізу бойынша
жұмыс жоспары

№	Құрылымдық бөлімшенің атауы	СТІТ жүргізу мерзімі (2026 жыл)	Жауапты тұлғалар
1.	Құрылыс және жөндеу департаменті	1-30 қазан	Еламанов Ж.Б.
2.	Кәсіпорын филиалдары	1-30 қазан	